Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Әлеуметтану кафедрасы

**БП ТК ТА 1214 «ТАРИХИ ӘЛЕУМЕТТАНУ» ПӘНІ**

КЕЙС- ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫ
ТАҚЫРЫБЫ:

# «Қазақ қауымның дүниетанымы: қалыптасуы мен өзгеріске бейімделу»

**Орындаған – Әл. 11, Болат А.**
**Қабылдаған – ф.ғ.к., д.м.а. Әбетова**

Зерттеу тақырыбы: **«Қазақ қауымның дүниетанымы : қалыптасуы мен өзгеріске бейімделу»**

Өзектілігі: Қазақ ұлттық киімнің дәстүрлі қоғамдағы рөлі

Пионерлер ұйымының заңдары, міндеттері және атқаратын қызметтері

«Келінка Сабина» фильміне халықтың көзқарасы

Мақсаты: Дәстүрлі, модерн және постмодерн қоғамның типтерінде қазақ **қауымның дүниетанымы мен түсініктерінің қалыптасуы мен өзгеріске бейімделу сипаттамасын беру және сараптау**

Міндеттері:

1. Қазақ ұлттық киімге сипаттама беру арқылы дәстүрлі қоғамдағы ұлттың дүниетанымнын ерекшілігін көрсету, атқаратын әлеуметтік қызметтерің ашып беру
2. Модерн кезеңдегі қазақ дүниетанымдағы өзгерістерің “пионер ұйымдарының әрекеттерімен талқылау
3. Қәзіргі қазақ қоғамдағы дүниетанымға түсініктерің көркем фильм арқылы талқылау

Қазақ қоғамының қоғамдық процесстерді басқаратын ұлттық менталитеттің рөлін көрсету

Зерттеу объектісі: Қазақ қоғамындағы дүниетанымы

Зерттеу пәні: Дәстүрлі, модерн және постмодерн қоғамның типтерінде қазақ **қауымның дүниетанымы мен діни түсініктерінің қалыптасуы мен өзгеріске бейімделу сипаттамасын беру және сараптау**

7. Болжам:

1. Қазақ халқы киімге дәстүрлі қоғамда аса жоғары мән берген. Ешқандай арнайы фабрикасы болмай-ақ, ешбір оқу бітірмей-ақ ұл-қызын өзінің төл киім-кешегімен қамтамасыз етті. Және де киім болғанда қандай! Оған қарап ел-жұртын, жасын, атақ-даңқын, қоғамдағы орнын ажыратуға болады.
2. Пионер ұйымдары еліміз өмірінің барлық саласына белсене қатысты: сауатсыздарды оқытып, қызыл отауларға керекті кітаптарды жинады, металл сынықтары мен қалдықтарын жинауға қатысты, жаңа оқу жылы қарсаңында мектептерге балаларды тартты

«Сәбина келіннің шынайы оқиғасы» атты толықметражды отбасылық комедиясы кинотеатрларда көрсетіле бастап еді, дәстүршіл ұлтшылдар «ауыл тұрғындарын кемсітті», «қазақ келіндерін масқаралады» деген сыңайдағы сын айтып жатыр

# МАЗМҰНЫ


- Кіріспе

1.Қазақ ұлттық киімге сипаттама беру арқылы дәстүрлі қоғамдағы ұлттың дүниетаны

2. Модерн кезеңдегі қазақ дүниетанымдағы өзгерістерің “пионер ұйымдарының әрекеттерімен талқылау

3. Қәзіргі қазақ қоғамдағы дүниетанымға түсініктерің көркем фильм  арқылы  талқылау

Қорытынды

- 

- Қолданылған әдебиеттер

- 1.Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы:1990 жыл

- Қалғандары қайда?

# Модерн қоғамы

- Естеріңізде болса, кеңес заманында мамыр айының 19-ы пионерлер күні ретінде аталып өтілетін.
- Коммунистік балалар ұйымы өз қарамағына Кеңестер Одағының барлық мектеп оқушыларын қамтитын көпшілік саяси ұйым есебінде тарих сахнасына шықты. Партияның тапсыруы бойынша балалар коммунистік ұйымын құрумен комсомол айналысты. Ұйымдық Жарғы пионерге қабылдау тәртібі мен ережесін, отряд, звено секілді ұйымдық түрлерін, сыртқы белгілерін, сондай-ақ пионерлердің заңы мен дәстүрін, жас мөлшерін (9-дан 14-ке дейін) белгіледі. Балалар коммунистік ұйымы болашақтағы Кеңес  елі азаматтарының мектеп жасынан бастап тәртіпті, тәрбиелі, еңбексүйгіш, саналы, мәдениетті болып өсуі бағытындағы партия мен комсомол ұйымдары ісіне өз тарапынан ұйытқы бола білді.
- онер ұйымдарының жұмысы жас ұрпақты коммунизм ісіне берілгендік рухта тәрбиелеуге, Отанды сүюге, өзге ұлт-ұлыстарды құрмет тұтуға бағытталды.
- Пионер ұйымдары еліміз өмірінің барлық саласына белсене қатысты: сауатсыздарды оқытып, қызыл отауларға керекті кітаптарды жинады, металл сынықтары мен қалдықтарын жинауға қатысты, жаңа оқу жылы қарсаңында мектептерге балаларды тартты.

- Пионер ұйымының талаптары мен жұмыс бағдарламасы “Пионерлердің салтанатты уәдесінде”, “Пионерлер заңдарында”, “Кеңес Одағы Коммунистік партиясының ісі үшін дайын болыңдар!” девизінде және “Әрқашан да дайынбыз!” деген жауаптарында белгіленді. Сонымен қатар пионерлер гимні болған:
- Взвейтесь кострами, синие ночи!
- Мы пионеры - дети рабочих.
- Близится эра светлых годов.
- Клич пионера: "Всегда будь готов!"
- Радостным шагом, с песней весёлой,
- Мы выступаем за комсомолом.
- Близится эра светлых годов.
- Клич пионера: "Всегда будь готов!"
- Мы поднимаем алое знамя,
- Дети рабочих, смело за нами!
- Близится эра светлых годов.
- Клич пионера: "Всегда будь готов!"

- БЛКЖО-ның 1949 жылы наурызда өткен XI съезінде комсомол ұйымдарының алдына — пионер дружиналары арасынан жан-жақты дайындығы бар жас жеткіншектердің белсенді тобын — вожатыйларды дайындап отыру міндеті қойылды. Комсомолдың өзінен кейінгі жас жеткіншектермен арадағы байланысы одан сайын нығая түсті. Бұдан былайғы жерде пионер дружиналары арасындағы барлық жұмысты қалалық, аудандық комсомол комитетіндегі мектеп жастары бөлімдері атқаратын болды.
- Пионерлер сонымен бірге октябряттар арасындағы, балалар бақшаларындағы, пионерлер парктері мен аллеяларындағы жұмыстарды да өз қолдарына алды, мектеп аумағында арнайы аймақтар құрып, оларды бақылап, қадағалап отырды. Бұл жұмыстарда үздік көрінгендерге алғыс жарияланып, Құрмет грамоталары, төсбелгілер, басқа да сый-сияпаттар беріліп отырылды. Ескерту, сөгіс жариялау сияқты жаза түрлері де дружина, кеңес, звено шеңберінде жүргізілді.
- Пионердің жеке рәміздері: ту, галстук, төсбелгі (значок), салют жас жегкіншектерді тәртіп пен өзара ынтымақтастыққа, ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеуде үлкен рөл атқарды.

Ашаршылық қазақ өмірін түбегейлі өзгертті. Ол туралы толық мәлімет Шерхан Мұртаза Бесеудің хатынан көре аламыз.
1932 жылы 4 шілдеде БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге бір хат келіп түседі. Қазақстан ауыл шаруашылығының астаң-кестеңін шығарып, қорасында «ашатұяқ қалмаған» қарапайым халықтың қырылғанына қарап ләззаттанып отырған басшы хатты ашып қалғанда-ақ өрт сөндіргендей түнеріп кетеді.

***БК(б)П Өлкелік комитетіне, Голощекин жолдасқа***

...«Бүгінгі Қазақстан – бұл 163 миллион сомның товарлы өнімін беретін, 40 миллион малы бар өлке», – деп жаздыңыз Сіз, Голощекин жолдас, 1930 жылы «Октябрь революциясының жеңістері» деген мақалаңызда («Қазақстанның 10 жылдығы» атты жинақ). ...Бірақ қазір, Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде Қазақстанда мал шаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды. Тек байлар мен кулактардың ғана емес, тек жекеменшікті орташалар мен кедейлердің ғана емес, сонымен бірге, негізінен алғанда, колхоздар мен колхозшылардың (ішінара совхоздардың да) қоғамдастырылған және қоғамдастырылмаған малы да осындай зор шығынға, сұрапыл қырғынға ұшырады...

... Мал басының қисапсыз кеміп кетуі мен көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық (қыстың екінші жартысынан бастап) жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс?.. Нағыз көзбояушылар, көпірме жоспарлар жасаушылар, оның үстіне өздеріне жүктелген нақты іс басқара алмаған, көзбояушылықпен «бәрі де жақсы» деп тұжырымдап, өнеркәсіп саласындағы жетістіктерге арқа сүйеген, сөйтіп, осынау елеулі мәселелерге жұртшылық назарын әлсіреткен жер органдары мен ауыл шаруашылығы кооперативтері одағының мүшелері неге бүкіл жұртшылық алдында сабақ боларлықтай сазайын тартпайды?

***Ғабит МҮСІРЕПОВ***
***Мұташ ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ***
***Мансұр ҒАТАУЛИН***
***Емберген АЛТЫНБЕКОВ***
***Қадыр ҚУАНЫШЕВ***


В Казани он-татарин,
В Алма-Ата-казах,
В Полтаве-украинец
И осетин-
в горах.
Он с компасом в кармане
И с глобусом в руках,
С линейкою подмышкой,
Со змеем в облаках.
Он летчик-испытатель
Стремительных стрекоз,
Он физик и ботаник,
Механик и матрос.
Он честен и бесстрашен
На суше и в воде.
Товарища и друга
Не бросит он в беде.
Его дворцы в столицах,
Его Артек в Крыму.
Все будущее мира
Принадлежит ему!
В трамвай войдет калека,
Старик войдет в вагон-
И старцу и калеке
Уступит место он.
ОН КРАСНЫЙ ГАЛСТУК НОСИТ, РЕБЯТАМ ВСЕМ В ПРИМЕР
ОН-ДЕВОЧКА, ОН-МАЛЬЧИК,
ОН-ЮНЫЙ ПИОНЕР!



- Кейінгі толқынға пионер сөзі жат естілер, бірақ алдыңғы толқын ағаларымызға таныс тіркес. Адалдыққа ант қабылдап, мойынға қызыл галстук таққан кеңес жастарына тазалық пен тәртіп үшін күресу міндетті еді. Өздерін коммунистердің шәкіртіндей сезінетін пионерлер тым белсенді көрінетін. Пионерлердің ол кездегі басты мақсаты – сабаққа жақсы үлгеру болатын. Сол себепті ең алдымен басты «шаруаны» шешуге тырысқан. Ақиқатын айтқанда, ол белсенділіктің өзі шынайы көңілден туындаған емес. Көбіне тапсырыспен, барлық аймақта бір формамен жасалатын. Жоспарлы түрде жоғарыдан тапсырма беріліп, соның аясында әркім өзінше белсенділік танытты. Өз басым пионер, комсомол қатарында жүргенде кереметтей белсенді болдым деп айта алмаймын. Үздік оқушы ретінде мені әртүрлі іс-шараларға өздері тартатын. Әрине, көпшілік санаға әсері бар. Ол кезде пионер атанудың өзі үлкен мәртебе болатын. Салтанатты сәтті тағатсыздана үлкен даярлықпен күтетінбіз. Ант беріп, мойынға қызыл галстук таққаннан кейін антыңа адал болу міндет-тұғын. Қай кезеңде де балалардың барлығы бірдей. Кешегі күні де, бүгін де олар ақ парақтай таза. Осындай тазалықтың бір белгісі пионер қатарына қабылдану болатын» ,- деп ҚКХП Атырау облыстық комитетінің бірінші хатшысы Ерболат Дәулетқазиев айтқан.

- Кеңес Одағында балаларды шынымен де жақсы тәрбиелеген. Идеология болды, бірақ жамандыққа ешкім үйретпеген. Пионерлер бірге уақыт өткізіп, араларында рухани байланыс пайда болады.
- 

- Қолданған әдебиеттер:

- 1. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия- Алматы : VII том

# Постмодерн қоғамы

- Соңғы кездері дәстүршіл қазақтар тым кірпияз, ештеңені жақтырмайтын, сіркесі су көтермейтін ашуланшақ болып кетті. Оларға классикалық фильм де («Келін» фильмі- режиссері Е. Тұрсынов), креативті жарнама да  ұнамайды. Шоумен Нұртас Адамбаевтың «Сәбина келіннің шынайы оқиғасы» атты толықметражды отбасылық комедиясы кинотеатрларда көрсетіле бастап еді, дәстүршіл ұлтшылдар «ауыл тұрғындарын кемсітті», «қазақ келіндерін масқаралады» деген сыңайдағы сын айтып жатыр. Тіпті, олар бұл фильмге тиым салуды құзырлы органдардан сұрады.

- Шоумен Нұртас Адамбаев пен оның фильміне қарсы шыққандардың бірі – белгілі қазақ журналисі Тоқтар Жақаш болды. Ол өзінің Фейсбуктегі парақшасында «Адамбаев қашан адам болады?» деген тақырыппен жазба жариялады. «Алматыдағы ЦУМ-ның алдында кілең орыстың жастары жиналып алып, әлденеге мәз-мәйрам болып тұр екен. Қарасам - жарты дүкенді алған экраннан қатынша киінген Адамбаев ойына келгенін істеп жүр. Атасымен құшақтасып, қайынағаларымен билеп, арақты сіміріп, шошқаның ісін істеп мәз. «Келинка Сабина» деген киносымақ екен. Мәдениет министрлігі қазақты қорлаудан ләззат алатын садо-мазохистті орнына қашан қояды? Боратқа босқа ренжиміз-ау!» деді ол.
- Ұлтшыл журналист Тоқтар Жақаш Мәдениет министрлігінің атына Адамбаевтың үстінен арыз айтып қана қойған жоқ. Өзінің жазбасы фейсбукшілердің қолдауына ие болып, жазба астына 300-ден астам адам «ұнайды» деген пікір білдіргенге қанаттанып кетсе керек, келесі жазбасында ол Нұртас Адамбаевтың «кінәсін» мойнына қойып, оған үкім шығарып тастады. Оның айтуынша, «Келинка Сабина» «асфальттағылардың («шала» қазақтардың екінші атауы) қолайына жағып тұр», ал «қазақы иісті жұрттың жынына тиюде». Осы себептен «бұл кино әлеуметтік араздық тудырушы» фильм екен. Егер Тоқтар Жақаштың бұл сөзін қылмыстық іс жүргізу кодексінің ресми тіліне аударсақ, онда Нұртас Адамбаевты ҚР ҚК-нің 164-бабымен айыптауға болады. Бұл баптың «әлеуметтік араздық тудыру» бөлімінде кемі 6 жыл бас бостандыған айыру жазасы қарастырылған.

- Ал Айбат Баймағанбетов деген біреу «Келинка Сабинаны» жазалаудың басқаша түрін қолдануды сұрайды. Оның әрбір сөзінен Коперник заманындағы инквизицияның қоңырсыған түтінінің иісі шығып тұр.
- «Бұндай дүниенің көзін жойып, барлық дискісін жинап Астанада Бәйтеректің жанында орталық алаңға үйіп өртеу керек. Және ойнаған актерларды екіншілей телеарнадан көрсетуге тиым салу керек. Бұл енді қазақты қорлау, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрыпын мазақ ету. Қызтекелік жайлаған батыстың мәдениетін насихаттап, жастарды соған шақырып, қоғамды азғындау. Осы киносымақтың бұдан бұлай елде көрсетуге қатаң тиым салуды талап ететін, Адамбаевты телеарнаға жолатпауды талап ететін осында қол жинап, қозғалыс ашу керек. Қашанғы ойына келгенін жасап тайраңдап жүре береді төбемізде?! Шошқаның көтіне біз тығып шыңғырту керек, кетсін шошқаларына харамдамай арамызды» деп айбаттанды ол.
- Бейбіт Жұмажанның пікірінше, Нұртас Адамбаевтың комедиялық фильм түсіруге қақы жоқ. «Тамашадан» басқа сатиралық театрлардың әртіс жігіттеріне әйел киімін киіп, ақымақ әйелдердің бейнелерін ойнағандарын доғарғандары жөн сияқты. Кері әсер береді екен» дейді ол.





- Ғабит Мүсірепов ағамыз айтқандай “Қазаққа ар-ұят ең жоғары саналады”. Қазақы қоғамдық пікірге қарап отырсақ, дәстүршілдерге «келін» сөзі - киелі, бұл қозғауға болмайтын жабық тақырып сияқты. Олардың ойынша, Үндістанның «жыланқы» «Келін» сериалы да қазақ менталитетіне жаман әсер беріп жатыр. Солай дей тұра, бұл сериалды бәрі көреді, рейтингі жоғары. Ермек Тұрсыновтың «Келінін» де әлем жұртшылығы қызыға көріп, жоғары баға берді. Адамзат пәлсапасының тереңіне сүңгіген классикалық фильм «Оскар» сыйлығына ұсынылып, үздік фильмдердің алғашқы бестігіне енген. Бірақ, әлемдік деңгейдегі мамандар мойындаған фильмді қазақ қоғамы қабылдамақ түгілі, «Келінді» көрсетуге тиым салуды сұрады. Міне, енді Нұртас Адамбаевтың 300 мың долларға ғана түсіріліп, кинотеатрларда көрсетіле бастаған алғашқы 3-4 күнде 120 миллион теңгеге жуық ақша жинап, көрерменнің көзайымы болған, жеңіл әрі жағымды әсіл-оспаққа құрылған, отбасымен бірге отырып көре алатын көңілді фильмін жан-жақтан итше талап жатыр. Дәстүршілдердің ешқандай рационалды түсінікке сымайтын жөнсіз сыны мен мініне қарап отырып, ойымызға еріксіз француз комедиялары түседі. Ол фильмдерде көбіне француздардың менталитеті, ұлттық ерекшеліктері сыналып-мінеліп, күлкілі комедияға ұшырап жатады. Бірақ, «мына фильм француз әйелдерін масқаралады, шенеуніктер мен полицияны келеке қылды, ұлттық намысымызға тиді» деп тызылдап ашуланып, «мына киноға тиым салу керек» деген сыңайдағы мәселе көтеріп жатқан француздардың байбаламын естімеппіз. Ал қазақтар, дәлірек айтсақ, дәстүршіл қазақтар болмашыға ашу шақырып, қызылкөзденіп, бақсыша арқаланып кетеді.

- Бір жағынан бұл фильм кулкілі,әрі қызық болса, екінші жағынан қазақ халқының намысына тиеді. Бірте-бірте біз елімізде түсірілген фильмдерге «отандық» деген желеумен, шын мәнісінде мағыналы туынды болғаны үшін бара бастаймыз.
-

- Қолданған әдебиеттер:
- 1. Ғабит Мүсіреповтың қанатты сөздері